Орын алған оқиғаларға келер болса, өткен жылдың маңызды жаңалықтарының бірі Бас кеңсенің Қазақстанның бас қаласы – Астанаға көшуі. Бұл қаржылық тұрғыдан секілді, моралдық көзқарас тұрғысынан оңай шаруалардың бірі емес. Қызметкерлер алдында таңдау тұрды: Алматыда қалу немесе банк басшылығына сенім білдіріп,

2009 жылы «нөлден» құрылған Kassa Nova үш жыл ішінде зиянсыздықтың шыңына жетіп қана қоймай, тұрақты табыс әкеле бастады.

жаңа қалада жаңа өмірді бастау. Және, мен қалыптасу жылдары ішінде кездейсоқ адамдардан емес ұжымның қалыптасқандығын мақтан етемін. Бас кеңсе қызметкерлерінің 90 пайызы біз таңдаған бағытқа сенім білдіріп, бізбен бірге қоныс аударды. Әсіресе, өз отбасыларын осын-

дай батыл қадам жасауға сендіре білген әйелдер қауымына алғысымды жеткіземін.

Қазақстан картасында Kassa Nova банкінің филиалы, қызметтерді толық көлемін ұсынатын тағы бір нүкте пайда болды. Дамудың ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес 2012 жылдың қараша айында республиканың оңтүстігі – Шымкенттің іскери орталығында филиал ашылды. Бұл жай ғана стратегиялық даму ғана емес, сонымен бірге банктің жаңа тұжырымдамасына сәйкес құрылған жаңа жоба. Бірегей ішкі және сыртқы дизайны үйлескен филиал ғимараты қауіпсіздіктің соңғы банктік технологияларын ескереді. Толығымен шыныдан жасалынған ғимараттың алдыңғы бөлігі біздің жұмысымыздың ашықтығы мен мөлдірлігін білдіреді. Шымкенттегі Филиал Kassa Nova отбасының 6-мүшесі. 2013 жылы біз Көкшетау қаласында 7-ші филиалды аша отырып, елдің солтүстігінде өз позициямызды нығайтпақшымыз. 2015 жылға дейін Kassa Nova Қазақстанның барлық маңызды қалаларында жұмыс жасауға ниетті.

Банк дамуының маңызды кезеңі Сату Басқармасындағы бөлімшелердің түрленуі болды. Адамзаттық және материалдық ресурстарды оңтайландыру микронесиелік мекемеден банкке дейінгі өсу сатыларының жалғыз қадамы болып табылды. Біз клиенттеріміз банктік қызметтердің толық көлемін ала алатындай ірі толыққанды және қолайлы кеңселер пайдасына кассалық



Бейбітшілік және Келісім Сарайының жанында орналасқан, Президент саябағындағы «Бүркіт» субұрқағы.

KASSA
NOVA
БАНК





Касса Нова банкінің Басқарма Төрағасының

Алғы сөзі

тораптарсыз көптеген кіші нүктелерден бас тарттық. Бұл біздің өсуіміз бен бұдан әрі дамуға ұмтылысымызға куәлік етеді.

Өзге маңыздылығы кем түспейтін оқиға - жеке байланыс-орталығын ашу. Егер театр киім ілгіштерден басталса, банктегі жұмыс клиенттерге телефон арқылы қызмет көрсетуден басталады. Және жүгінулердің өскен саны мұның дұрыс қабылданған шешім екендігін көрсетті.

2012 жылы Kassa Nova банкі 2011 жылы Standard&Poor's (S&P) берген өз рейтингін нақтылағандығын атап өтпеуге болмайды. Ол бұрынғыша В/С (халықаралық) немесе kzBB (ел ішінде) болып табылады.

Kassa Nova Банкі қарапайым, қолайлы және технологиялық банк ретінде ойластырылған болатын. Бұл банк философиясы негізін қалаған үш кит. Және егер бізде қарапайым өнімдер, қолайлы қызмет көрсету болса, енді барлық назарымыз технологияларға жұмылдырылған. Бұл бағыттағы бірінші қадам 2012 жылдың тамызындағы заңды тұлғаларға арналған E-Banking іске қосылуы болды. 2013 жылдың басында жеке тұлғаларға арналған интернет-банкингті іске қосу жоспарлануда.

Карточкалық жүйе саласында да жұмыстар толық деңгейде жүруде. MasterCard халықаралық төлем жүйесімен арада орын алған келіссөз-

дер біз ойлағаннан да сәтті өтті. Бізге банктерге бастапқыда беретін Қауымдастырылған қатысушы (Associate Member) мәртебесіне тоқтамастан, Қағидалық қатысушы (Principal Member) мәртебесін беру туралы келісімділік бар. Бұл мәртебенің тұрақты қаржы көрсеткіштері және жақсы іскери беделі бар қаржы институттарына берілетіндігін ескере отырып, ерекше жағымды әсер етеді. 2014 жылдың жазында Kassa Nova жеке карточкалық жүйе иегері болады.

Өзіміздің стратегиялық мақсаттарымызға барынша сәтті қол жеткізу үшін біз бұдан әрі де негізгі құрамдастарға көңіл бөлуге ниеттіміз, олар: клиент және оның қажеттіліктері, қызметкерлер мен олардың кәсіби дамуы, технологиялық және үдерістік тиімділікті жоғарылату. Бұлар таяу болашақтағы Kassa Nova алдында тұрған міндеттер. Және, әрине, бастапқы кездегі секілді, бүгінгі таңда біз үшін ең бастысы – клиенттік қызмет көрсетудің ең жоғары деңгейіне қол жеткізу. Клиенттерге мұқият болу, олардың қажеттіліктерін асыра орындауға ниеттілік, олардың пікіріне құлақ асу және өз қызметтерімізде барынша қол жетімді етуге ұмтылу – осылар Kassa Nova ұмытылып отырған бағыттар болып табылады.

**Талгат Қуанышев,
Басқарма Төрағасы**



БАНК ТУРАЛЫ

Kassa Nova банкі халыққа және шағын кәсіпорындарға қаржылық қызмет көрсетуге бағытталған банк болып табылады. Біздің филиадық желілер арқылы біз қарапайым және түсінікті қызметті тиімді бағамен ұсынамыз.

Біздің бизнес – этика қарапайым және түсінікті: жылдам, қол жетімді және инновациялық банк.

Банктің мақсаты – өз саласы бойынша үздіктердің бірі болу, атап айтқанда, халықтың кең ауқымы мен шағын бизнеске қаржылық қызмет көрсету бойынша көшбасшы болу. Орташа мерзімдік болашақта Банктің елдің барлық ірі қалаларында болуын қамтамасыз ету.

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Kassa Nova банкі құндылықтар қалыптастырады:

- Тиімді бағалар және біздің клиенттерге көрсетілетін қызметтің жақсы сапасы.
- Біздің қызметкерлер үшін шабыттандыратын атмосфера және қызметтік өсу.
- Біздің акционерлер үшін салынған инвестицияларға тұрақты қайтару және салынған инвестициялардан табыс алу кезіндегі банктің өсуі.
- Тұрақты дамуға және үнемі жетіліп отыруға ұмтылыс біздің Kassa Nova күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады.




БІЗДІҢ ТАРИХ


- 2009**
- Банктің Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде шілдеде тіркелуі.
 - ҚР қаржылық нарық пен қаржылық ұйымдардың банктік және басқа операцияларды атқаруын бақылау және реттеу жөніндегі Агенттігінің Лицензиясын алу.
 - Желтоқсанда алғашқы несие берілді.
- 2010**
- Алматы және Астана қалаларында филиалдар ашылды.
 - Несиелік портфель жыл соңында 35 млн АҚШ доллары болды.
- 2011**
- Ақтөбе, Павлодар және Қарағанды қалаларында үш жаңа филиал ашылды.
 - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің жеке және заңды тұлғалар үшін салымдар орналастыру мүмкіндігімен банктік және басқа операциялар жүргізу Лицензиясын алу.
 - Банк Қазақстандық депозиттік кепілдеу қорының қатысушысы болды.
- 2012**
- Шымкент қаласындағы филиалдың ашылуы.
 - Бөлімдерді сату Басқармасында түрлендіру.
 - Дербес байланыс орталығының іске қосылуы.
 - Standard & Poor's рейтингінің расталуы.
 - Заңды тұлғалар үшін E-Banking іске қосылуы.
 - Бас кеңсенің Астанаға көшуі.



«Kassa Nova банкі» –
Қазақстанның ірі қалаларында
АЛТЫ ФИЛИАЛЫ БАР,
толыққанды қызмет көрсетуші банк.

Қызметкерлерінің жалпы саны –
253 АДАМ.





👛 – филиалдар қызметкерлері
📍 – сату басқармасы




Астананың іскери орталығы.

KASSA
NOVA
БАНК



Банкті корпоративтік басқару мынадай негізгі ұстанымдар негізінде қалыптастырылған:

- Біз қызметті дамыту жобаларын жүзеге асырғанда Қазақстан Республикасының және басқа елдердің заңнамасын сақтаймыз.
- Адам құқығын құрметтейміз.
- Бизнесті адал, әділ және жауапкершілікпен жүргізу ұстанымдарын ұстанамыз.
- Іскерлік қызмет қатысушыларымен қарым-қатынаста өзара пайда табуға ұмтыламыз.
- Банкке адал және тұрақты серіктес ретінде сенім білдіреміз.
- Адал жұмыс істейтін және бастамашыл қызметкерлерімізді көтермелейміз және оларды кәсіби өсуге және дамуға ынталандырамыз.
- Банкте белгіленген «Мансаптық өсу көрсеткіштері» бойынша ағымдағы штат қызметкерлеріне артықшылық береміз.



«Kassa Nova банкінің» тиімді корпоративтік басқару құрылымы келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

- шешім қабылдау үрдісін жеделдету;
- бюрократиялық процедураларға жол бермеу;
- қойылған міндеттерді, әдетте, біздің құзыретті білікті қызметкерлерінен құралатын белсенді топтарда шешу.

ҚАУІПСІЗДІК ТОБЫ

КАДРЛЫҚ ЖҰМЫС ТОБЫ

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ТОБЫ

ЭЛЕКТРОНДЫ БАНКИНГ ТОБЫ

ЕСЕПТЕСУ ЖӘНЕ ТӨЛЕМДЕР ТОБЫ

МАРКЕТИНГ ТОБЫ

КОНТАКТ-ЦЕНТР


ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТОП

ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ТОБЫ


ФИЛИАЛДАР, АЛМАТЫДАН БАСҚА

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТОБЫ

БАНКТИК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТОБЫ



«Гранд Алатау» тұрғын-үй кешені - Қазақстандағы 10 ең ұзын ғимараттардың бірі. 4 корпустан құралады (20, 28, 38 және 43 қабат), ең ұзыны – 130 метр.





НЕСИЕЛІК ӨНІМДЕР

Сомасы: 500 000 теңгеден бастап;
Пайызы: 13 бастап 18% дейін;
Мерзімі: 6 айдан бастап 180 айға дейін.



ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ӨНІМДЕР

Депозиттер сомасы: 75 000 теңгеден бастап;
Пайызы: 4,5 бастап 9,4% дейін;*
Мерзімі: 12 айдан бастап 60 айға дейін.



* заңды және жеке тұлғаларға арналған депозиттердің мөлшерлемелері, теңге және АҚШ доллары



Есіл өзінің жағалауы, Самал мөлтек ауданы, «Астана Жұлдызы» және «Astana Tower» тұрғын-үй кешендері.

KASSA
NOVA
БАНК




Біздің клиенттер

- Бұл 25-55 жас аралығындағы ер және әйел адамдар, негізгі бөлігі 35-45 жас аралығында.
- Олар еңбек қызметінен тұрақты табыс табады және кепіл ұсыну мүмкіндігіне ие.
- Белсенді өмірлік қағиданы ұстанатын, есепті шешімдер қабылдағысы келетін ерлі-зайыптылар.



ЖАС БОЙЫНША ТОПТАСТЫРУ





Астананың сол және оң жағалауларын жалғайтын, Есіл өзені арқылы өткізілген «Қараөткел» көпірі.

KASSA
NOVA
БАНК





ҚАҢТАР

Алматы қаласындағы филиал ғимараты сатылып алынды.



АҚПАН

Standard & Poor's халықаралық агенттігі несиелік рейтингтің тексеруін бастады.



НАУРЫЗ

Дербес байланыс орталығы ашылды.
KPMG тәуелсіз аудиторлар тексеруі болды.



СӘУІР

Жеке тұлғалар үшін ғаламтор банкингі әзірленді. Іске қосу 2013 жылдың тамызына жоспарланған.

«Автонесиелендіру» жаңа өнімі пайда болды.



Қазақстандағы ең биік «Солтүстік сәулесі» тұрғын-үй кешені, ең биік 44 қабатты мұнарасының биіктігі 180 метрге жетеді!

KASSA
NOVA
БАНК





МАМЫР

Standard & Poor's халықаралық агенттігі «Банк Kassa Nova» АҚ несиелік рейтингін халықаралық шәкіл бойынша «B» және халықаралық шәкіл бойынша «kzBB» деңгейінде растады, болжам тұрақты.

2011 жылғы тексерілген қаржылық есебін, қаржылық есеп депозитарийіне орналастырылуы.



МАУСЫМ

Шағын және орташа кәсіпорындарды дамыту жөніндегі үкіметтік бағдарламаға қатысу басталды («DAMU»).



ШІЛДЕ

Қолданыстағы «Western Union» жедел ақша аударымдары жүйесіне «Unistream» қосылды.



ТАМЫЗ

Жеке тұлғаларға арналған ғаламтор банкингі іске қосылды.

«Жедел пошта» жүйесі бойынша жылдам ақша аударымдары жүйесінің пайда болды.

Стратегиялық сәт – банктің Бас кеңсесі Алматы қаласынан Астанаға көшті. Астанада дербес ғимарат құрылысы жоспарланды.



Хан-Шатыр ОСО – Орталық Азиядағы ең ірі сауда орталықтарының бірі, әлемдегі ең үлкен шатыр! Әйгілі сәулетші Норман Фостермен әзірленген орталық Forbes Style журналының нұсқасы бойынша әлемдік экоғимараттардың үздік ондығына кірді.

**KASSA
NOVA**
Б А Н К





ҚЫРКҮЙЕК

MasterCard халықаралық төлемдер жүйесімен төлем карталарының эмиссиясы туралы келіссөздер жүргізілді.

Депозиттік портфель көлемі 100 млн АҚШ долларынан астам болды.



ҚАЗАН

Шет елдік банкте алғашқы корреспонденттік шот ашылды (Ресей).

Теміртау қаласында Kassa Nova банкінің өкілдігі ашылды.



ҚАРАША

6-филиал ОҚО іскери орталығы Шымкент қаласында ашылды.

Несиелік портфель көлемі 150 млн АҚШ долларын құрады.



ЖЕЛТОҚСАН

Барлық несиелендіру бөлімдері Сатылым басқармасына түрлендірілді.

Алғаш рет «Банк Kassa Nova» АҚ 3 млн облигация шығарды, бір акцияның номиналды құны - 1000 теңге – жалпы сомасы 3 млрд теңге. Бекітілген сыйақы мөлшерлемесі - облигацияның номиналды құнының 9% жылдық мөлшерлемесі.



Бірегей сәулет шешімімен орындалған Астана Триумфы тұрғын-үй кешені

KASSA
NOVA
БАНК





Жоспарлар

2013 жылға арналған жоспарлар

ҚЫС

MasterCard International халықаралық төлемдер жүйесінің «Қағидатты қатысушы» санатын және MasterCard, Maestro мен Cirrus брендтерін пайдалану құқығына иелену.

Қызмет көрсетудің жаңа стандарттарын дайындау.

Астанада процессингтік орталық пен деректерді өңдеу орталығын ашу.

Жыл соңына несиелік және депозиттік портфельдерді қарқынды және теңестірілген түрде арттыру, рентабельдікті біршама өсіру.

КӨКТЕМ

Көкшетау қаласында жаңа 7 – ші филиал ашу.

Standard & Poor's халықаралық агенттігінің несиелік рейтингке сәйкес келуін тексеру.

Тәуелсіз аудиторлардың тексеруі.



«Нуржол» - Ақ Орда мен «Хан Шатыр» СКО жалғастыратын орталық бульвар.





Жоспарлар

2013 жылға арналған жоспарлар

ЖАЗ

Жеке тұлғалар үшін ғаламтор банкингін іске қосу.*

Жылдық есепті жариялау.

КҮЗ

Кредиттік және дебеттік MasterCard пен Maestro/Cirrus карточкаларын шығару.

Клиенттік қор – карточка иелерін қалыптастыру.

Жаңа қызмет көрсету стандарттарын қолданысқа енгізу.

* My KASSA ИНТЕРНЕТ БАНКИНГ



ТӘУЛІК БОЙЫ
КРУГЛОСУТОЧНО



КЕЗЕКСІЗ
БЕЗ ОЧЕРЕДИ



100% ҚАУПСІЗ
100% БЕЗОПАСНО





ҚазМедиа орталығы, ҚТЖ мұнарасы және «Меруерт орамы» бизнес орталығы – Қазақстандағы биіктігі 210 метр болатын ең биік ғимарат. 2012 жылдан бастап осында, астананың дәл ортасында Kassa Nova кеңсесі орналасқан.


**KASSA
NOVA**
Б А Н К



АКТИВТЕР

АКТИВТЕР	2010	2011	2012
Ақшалай қаражаттар және олардың эквиваленттері	2'815'707	1'341'373	4'328'493
Ұлттық Банктегі міндетті резерв	–	54'732	425'227
Әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдар, олардың өзгерістері кезеңдегі табыс немесе шығын құрамында көрсетіледі	–	–	2'020
Клиенттерге берілген несиелер	4'842'910	10'434'887	22'948'860
Негізгі қаражаттар мен материалдық емес активтер	623 576	884 276	3'081'630
Кейінге қалдырылған салық активі	64'203	35'846	–
Басқа активтер	92'254	47'439	185'583
Активтер жиыны	8'438'650	12'798'553	30'971'813

АКТИВТЕР /МЛН. ТЕҢГЕ/





2010, 2011 және 2012 жылдарды салыстырып, біз банк активтерінің айтарлықтай өскендігін көріп тұрмыз. 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде ол 142% құрады. Пайыздық табыстарды максималды алу үшін активтердің негізгі бөлігін (74 %) банк портфельді дамытуға инвестициялайды.

НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНІҢ ӨСУІ

Қарыздық портфель /млн. теңге/


ХҚЕС өнімі /млн. теңге/



2012 жылғы нәтижелер несиелік портфельдің 22 млрд 948 млн дейін серпінді өсуін (120 %) көрсетеді. Банк өнімдері портфель көлемінің 1% кем бөлігін құрайды. Бұл банктің консерваторлық несиелік саясатты қолданатындығын білдіреді және портфельдің жоғары тұрақтылығын көрсетеді.

НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ


- TEMPO (НЕСИЕ 500 000 МЫҢНАН 10 000 000 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН)
- NOVA (НЕСИЕ 2 000 001 БАСТАП 30 000 000 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН)
- ПРОТЕКА (НЕСИЕ 500 000 ТЕҢГЕДЕН БАСТАП)
- EXTRA (НЕСИЕ 30 000 000 ТЕҢГЕДЕН БАСТАП)
- AUTO (НЕСИЕ 8 000 000 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН)




KassaNova үлкен емес тұтынушылық несиелерге және кіші бизнеске арналған несиелерге бағдарланған. Берілген несиелердің 70% 10 млн теңгеден кем емес соманы құрайды. Барлық несиелердің шамамен 20%-ы 2 млн теңгеден кем соманы құрайды. Бұл банктің табысы орташа деңгейдегі клиенттерге қызмет көрсететіндігін және несиелік тәуекелдердің жақсы әртатараптандырылғандығын көрсетеді. Kassa Nova банкінің клиенттерінің 50 % астам бөлігі бизнесті дамытуға қарыз алды.

Қаржылық көрсеткіштер

Несиенің орташа сомасы
/мың теңге/




Кепіл негізі
/қозғалмайтын мүлік, млн. теңге/



Банкпен берілген орташа сома 4 млн 940 мың теңгені құрайды. Портфель тұрақтылығына банктің кепіл саясатымен қол жеткізіледі. Қозғалмайтын мүлік түріндегі кепіл берілген несиелер сомасына қарағанда шамамен 3 есе үлкен.

НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНІҢ САПАСЫ

Мерзімі өтілген несиелер үлесі



Қаржылық көрсеткіштер

НЕГІЗГІ ҚАРАЖАТТАР САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР



МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕР САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Материалдық емес активтерге салынған туынды инвестициялар /млн. теңге/ на 2012 год

Colvir бағдарламалық жасақтамасы	349'000'000
Интернет-банкинг, процессинг	83'000'000
Басқа бағдарламалық жасақтама	65'000'000

2012 жылы біз филиалдар желісін және IT-технологияларды дамытуға арналған ірі сомаларды инвестицияладық.



«Қаз Мұнай Газ» АҚ ғимараты

KASSA
NOVA
БАНК




ПАССИВЫ

МІНДЕТТЕМЕЛЕР	2010 г.	2011 г.	2012 г.
Әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық құралдар, олардың өзгерістері кезеңдегі табыс немесе шығын құрамында көрсетіледі	–	–	1'220
Банктердің шұғыл депозиттері	–	200'917	502'140
Клиенттердің ағымдағы шоттары мен депозиттері	2'659'287	2'148'321	19'325'119
Субординацияланған қарыздар	–	4'279'541	4'296'146
Шығарылған қарыздық құнды қағаздар	–	–	201'229
Кейінге қалдырылған қарыздық міндеттеме	–	–	66'683
Басқа міндеттемелер	48'887	49'517	120'386
Міндеттемелер жиыны	2'708'174	6'678'296	24'512'923
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал	6'000'000	6'340'000	6'340'000
Міндетті резерв	–	–	28'295
Таратылмаған табыс / (жинақталған шығындар)	269'524	219'743	90'595

ПАССИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ӨСІМІ

Пассивтер (млн. теңге)



Пассивтер құрылымы банктің депозиттік базасының айтарлықтай өсіндігін көрсетеді. 2012 жылдың соңында пассивтердің 64%-ын клиенттердің депозиттері құрайды. Егер 2011 жылмен салыстырсақ, депозиттер өсімі 8 есе өскен.


ТАЗА ПАЙЫЗДЫҚ ТАБЫС /МЛН. ТЕҢГЕ/




Нарықтағы қорға орналастыру бойынша шығындарды арттыру бойынша жалпы беталыс орын алғандығына қарамастан, банк өзінің таза пайыздық табысын 59,4 %-ға арттыра алды.

Қаржылық көрсеткіштер

Таза комиссиялық табыстар /тыс. теңге/



Пайыздық емес шығындар құрылымы




2012 жылғы портфель өсімі айрықша серпінді болды. Сонымен қатар банктің операциялық бизнесі комиссиялық табыстардың елеулі өсімін көрсетті. Әсіресе банк кассалық операциялар мен валюталық транзакциялар бойынша өзінің табыстарын арттыра алды.

ТАБЫС

	2010	2011	2012
Пайыздық табыстар	731'607	1'457'123	2'952'014
Пайыздық шығындар	6'879	209'401	963'285
Таза пайыздық табыс	724'728	1'247'722	1'988'729
Комиссиялық табыстар	5'831	23'334	145'599
Комиссиялық шығындар	3'805	1'436	3'985
Таза комиссиялық табыс	2'026	21'898	141'614
Әділ құны бойынша бағаланатын, қаржылық құралдармен жасалған операциялардан келіп түскен таза шығын, олардың өзгерістері кезеңдегі табыс немесе шығын құрамында көрсетіледі	–	–	10'338
Шетелдік валютамен жасалған операциялардан келіп түскен таза (шығын)/табыс	6'180	3'845	6'390
Басқа операциялық шығындар	1'713	8'684	3'708
Операциялық табыстар	722'287	1'264'781	2'109'907
Құнсызданудан/құнсыздануды қалпына келтіруден келіп түскен (шығын)	126'652	10'961	79'195
Қызметкерлерге қатысты шығын	433'600	608'075	929'619
Басқа жалпы әкімшілік шығындар	423'322	589'529	659'931
Салық салуға дейінгі табыс	(261'287)	78'138	441'162
Табыс салығы бойынша (шығын)/үнемдеу	50'321	28'357	102'529
Жыл ішіндегі табыс және жалпы жиынтық кіріс	(210'966)	49'781	338'633

Қаржылық көрсеткіштер

САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ТАБЫС/ШЫҒЫН
/МЛН. ТЕҢГЕ/





АқОрда - ҚР Президентінің Резиденциясы

KASSA
NOVA
БАНК



«Банк Kassa Nova» АҚ Директорлар Кеңесіне

Біз, «Банк Kassa Nova» АҚ (бұдан әрі, «Банк») 2012 жылдың 31 желтоқсанына жағдайы бойынша қаржы жағдайы туралы есептен және жиынтық кіріс, капиталдағы өзгерістер және аталған күнге аяқталатын жылға ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептер, сонымен бірге есеп саясатының негізгі ережелеріне жасалынған қысқаша шолудан және өзге түсіндірме ақпараттардан тұратын есептерден құралған қосымшаланған қаржы есебіне аудит жүргіздік.

Қаржы есебін даярлауға Банк басшылығының жауапкершілігі

Басшылық берілген қаржы есебінің Халықаралық Қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес құрылуына және айқын ұсынылуына, және басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан маңызды бұрмалауларға ие емес, қаржы есебін құру үшін қажетті деп тапқан ішкі бақылау үшін жауапкершілікке ие болды.

Аудиторлар жауапкершілігі

Өзіміз жүргізген аудит негізінде берілген қаржы есебі туралы пікірімізді білдіруде біздің жауапкершілігіміз жатыр. Біз аудитті Аудиттің Халықаралық стандарттарына сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттар этикалық нормалардың қадағалануын, сонымен бірге қаржы есептілігінің маңызды бұрмалауларға ие емес екендігіне толық сенімділік ала алатындай аудитті жоспарлау және жүргізу болып табылады.

Аудит құрамына қаржы есептілігіндегі сандық көрсеткіштерді нақтылайтын аудиторлық дәлелдерді алуға және ондағы ақпаратты ашуға бағытталған процедураларды жүргізу кіреді. Процедураларды таңдау жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржы есептілігінің маңызды бұрмалану тәуекелдерін бағалаудан тұратын аудитордың кәсіби пайымдауына тәуелді. Мұндай тәуекелдерді бағалау кезінде аудитор жағдайларға сәйкес келетін, алайда ішкі бақылаудың тиімділігі туралы пікірді көрсету мақсатында емес, аудиторлық процедураларды жасауға қаржы есебін айқын құру және ұсыну үшін ішкі бақылау жүйесін қарастырады. Сонымен бірге, аудит басшылықпен жасалынған бухгалтерлік бағалаулардың негізделуі және қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын бағалаудан, осыған қоса тұтасымен алғанда қаржы есептілігінің ұсынылу бағасынан тұрады.

Біз қол жеткізген аудиторлық дәлелдер біздің аудиторлық пікірімізді көрсету үшін жеткілікті және тиісті болады деп болжаймыз.

Пікір

Біздің пікірімізше, қаржы есептілігі Банктің 2012 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша барлық маңызды қатынастарында айқын қаржы жағдайын, сонымен бірге көрсетілген күнге аяқталған жылға ақша қаражаттарының Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес қозғалыстары мен оның қаржы нәтижелерін көрсетеді.

Аудиторлар есебі



Ким Е. В.

Қазақстан Республикасы
Сертификатталған аудиторы
Аудитордың біліктілік куәлігі
№ҚМ-0000042 2011 жылдың 8 тамызы

«КПМГ Аудит» ЖШС

Аудиторлық қызметпен айналысуға Қазақстан Республикасы қаржы Министрлігімен 2006 жылдың 6 желтоқсанында берілген мемлекеттік лицензия №0000021



Нигай А. Н.

«КПМГ Аудит» ЖШС
Бас директоры, Жарғы негізінде әрекет етеді

29 сәуір 2013 жыл

	Ескертпе	2012 ж. мың теңге	2011 ж. мың теңге
Пайыздық кірістер	4	2,952,014	1,457,123
Пайыздық шығыстар	4	-963,285	-209,401
Таза пайыздық кіріс		1,988,729	1,247,722
Комиссиялық кірістер	5	145,599	23,334
Комиссиялық шығыстар		-3,985	-1,436
Таза комиссиялық кіріс		141,614	21,898
Өзгерістер кезеңдегі табыстар мен шығындар құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын, қаржы құралдарымен жүргізілетін операциялардан таза шығындар		-10,338	-
Шетел валютасымен жүргізілетін операциялардан таза (шығындар)/табыстар		-6,39	3,845
Өзге операциялық шығындар		-3,708	-8,684
Операциялық шығындар		2,109,907	1,264,781
Құнсызданудан шығындар/құнсыздануды қалпына келтіру	6	-79,195	10,961
Персоналға шығатын шығындар	7	-929,619	-608,075
Өзге жалпы әкімшілік шығындар	8	-659,931	-589,529
Салық салынғанға дейінгі табыс		441,162	78,138
Табыс салығы бойынша шығын	9	-102,529	-28,357
Табыс және жылына жалпы жиынтық кіріс		338,633	49,781

	Ескертпе	2012 ж. мың теңге	2011 ж. мың теңге
АКТИВТЕР			
Ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері	10	4,328,493	1,341,373
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне міндетті резерв		425,227	54,732
Өзгерістері кезеңдегі табыстар немесе шығындар құрамында көрсетілетін, әділетті күн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	11	2,02	
Клиенттерге берілген несиелер	12	22,948,860	10,434,887
Негізгі қаражаттар және материалдық емес активтер	13	3,081,630	884,276
Кейінге қалдырылған салық активі	9	-	35,846
Өзге активтер	14	185,583	47,439
Барлығы активтер		30,971,813	12,798,553
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Өзгерістері кезеңдегі табыстар немесе шығындар құрамында көрсетілетін, әділетті күн бойынша бағаланатын қаржы құралдары	11	1,22	
Банктердің жедел депозиттері		502,14	200,917
Клиенттердің ағымдық шоттары және депозиттері	15	19,325,119	2,148,321
Субординациялық қарыздар	16	4,296,146	4,279,541
Шығарылған қарыздық құнды қағаздар	17	201,229	-
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	9	66,683	-
Өзге міндеттемелер	18	120,386	49,517
Барлығы міндеттемелер		24,512,923	6,678,296
КАПИТАЛ			
Акционерлік капитал		6,340,000	6,340,000
Міндетті резерв		28,295	-
Таратылмаған табыс/(жиналған шығындар)		90,595	(219,743)
Барлығы капитал		6,458,890	6,120,257
Барлығы міндеттемелер және капитал		30,971,813	12,798,553



www.kassanova.kz